



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№42 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2011 жылғы 20 желтоқсан**

**«Шығыс күнтізбесі» монеталар сериясынан «Ұлу жылы»
ескерткіш монеталарын айналысқа шығару туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2011 жылғы 20 желтоқсаннан бастап «Шығыс күнтізбесі» монеталар сериясынан «proof» сапасымен алтыннан және күмістен жасалған номиналы 500 теңгелік «Ұлу жылы» ескерткіш монеталарын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«Ұлу жылы» ескерткіш күміс және алтын монеталар «Шығыс күнтізбесі» монеталар сериясын жалғастырады. Екі монетаның да нысаны он екі қырлы әрі бет және сырт жағындағы суреттері бірдей.

Монеталардың бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде аспан әлеміндегі жұлдыздар картасында жұлдыздар шоғырының мифтік символдары бейнеленген және монета дайындалған металды, оның сынамы мен массасын (күмістен жасалған монетада - «Ag 925 31,1 gr.», алтыннан жасалған монетада – «Au 999 7,78 gr.») білдіретін жазу бейнеленген. Монетаны айналдыра жалпақ күңгірт жиек жүргізілген, оның үстіне – монетаның номиналын білдіретін «500 ТЕҢГЕ» деген ойып жазылған қаусырма бар, мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ», ағылшын тілінде «REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазу және күннің стильдендірілген бейнесі.

Монеталардың сырт жағында (реверсінде) орталық бөлікте айдаһар бейнеленген – шығыс күнтізбесі бойынша 2012 жылдың символы. Айдаһардың үстінде Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі орналасқан. Монетаны айналдыра жалпақ күңгірт жиек жүргізілген, оның үстіне - монетаның соғылған жылын білдіретін «2012» ойып жазылған қаусырма бар, мемлекеттік тілде «ШЫҒЫС КҮНТІЗБЕСІ», орыс тілінде «ВОСТОЧНЫЙ КАЛЕНДАРЬ» және ағылшын тілінде «ORIENTAL CALENDAR» деген сөздер ойып жазылған. Күңгірт жиектің ішкі жағына шығыс күнтізбесінің қалған он бір символы орналасқан.

Монеталардың бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерлі.

Ескерткіш монеталар:

1) 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 31,1 грамм, сипатталған шеңберінің диаметрі – 38,61мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы - 5 мың дана, қыры (гурты) тегіс, бедерсіз және жазусыз;

2) 999 сынамды алтыннан жасалған, массасы – 7,78 грамм, сипатталған шеңберінің диаметрі – 21,87 мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы – 3 мың дана, қыры (гурты) тегіс, бедерсіз және жазусыз.



Номиналы 500 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Ескерткіш монеталар «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнында дайындалған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш күміс монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында, Алматы қаласында мына мекен-жай бойынша сатып алуға болады: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны (727) 273-83-98.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2 704 639, +7 (727) 2704 654; E-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz*